

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ сапа саласындағы саясаты қолжетімді лизингтік қызметтер көрсету, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенттеріне сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету арқылы АӨК саласының заманауи және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Біздің Миссиямыз: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бизнесін техникалық және технологиялық жаңғырту.

Пайымдауы: «ҚазАгроҚаржы» АҚ - цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, АӨК саласындағы клиенттерді жан - жақты қолдауды қамтамасыз ететін әріптес.

Сапа саласындағы саясат «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметіндегі ажырамас құрал болып табылады және мынадай талаптармен қол жеткізіледі:

- сапа менеджменті жүйесінің ол үшін белгіленген талаптарға сәйкестігі және оның нәтижелілігін үнемі арттыру;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, шарттық міндеттемелерді орындау және сақтау;
- ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша инвестициялар көлемін ұлғайту;
- көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру және сапасын арттыру, сондай-ақ коммуникацияларды дамыту, сервис пен клиенттерге қызмет көрсету деңгейін жақсарту;
- Қоғамның өнім желісін дамыту, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің күтулері мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, лизингтік қызметтерді жетілдіру;
- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, қызметтерді жеткізушілермен және тұтынушылармен сапалы байланысты күшейту.

Қоғам командасы сапа менеджменті жүйесін дамыту және үнемі жетілдіру процесіне тікелей қатысады. Көрсетілетін қызметтерді дамытудың жаңа идеяларын зерделеуге, іздеуге және іске асыруға көп көңіл бөлінді. Барлық деңгейдегі басшылар өз бөлімшелерінің міндеттерін нақты айқындай отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ стратегиялық мақсаттарына сәйкес өз қызметінің нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ басшылығы осы саясатты ұстануға, оны барлық қызметкерлердің түсінуі мен орындауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесін жұмыс жағдайында ұстап тұруға және оны үнемі жақсартуға **өзіне міндеттеме алады.**

